**АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**
**ФИЛОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ**

**«БЕКІТЕМІН»**
**Филология факультетінің деканы**
**А.В. Танжарикова**
**«13» 06 2024**

**Докторантураға (PhD) қабылдау емтиханының**

# БАҒДАРЛАМАСЫ

Мамандық: 8D02301 – Филология (қаз)

**Алматы, 2024**

**Институт директоры** **А. Таңжарықова**

Институт Кеңесінің отырысында бекітілген. *Хаттама №9 26.05.2024 ж.*

**Кафедра меңгерушісі** **Е.Оспанов**

Академик С.Қирабаев атындағы қазақ әдебиеті және оны оқыту әдістемесі кафедрасының мәжілісінде бектілген. *Хаттама №5 18.04.2024 ж.*

## 1. Жалпы ережелер.

1. Бағдарлама «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 бұйрығына (бұдан әрі – үлгілік қағидалар) сәйкес жасалды.

2. Докторантураға түсу емтиханы эссе жазудан, докторантурада оқуға дайындығына тест тапсырудан (бұдан әрі – ОДТ), білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтиханнан және сұхбаттасудан тұрады.

| Блогы | Балы |
|---|---|
| 1. Эссе | 10 |
| 2. Докторантурада оқуға дайындық тесті | 30 |
| 3. Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан | 40 |
| 4. Сұхбаттасу | 20 |
| Барлығы/ өту ұпайы | 100/75 |

3. Түсу емтиханының ұзақтығы – 4 сағат, осы уақыт ішінде оқуға түсуші эссе жазады, докторантурада оқуға дайындық тестінен өтеді, электрондық емтихан билетіне жауап береді. Сұхбаттасу ЖОО қабылдау емтиханының алдында өткізіледі.

2. Түсу емтиханын өткізу тәртібі.

1. D058 – «Филология» білім беру бағдарламалары тобына докторантураға түсушілер уәждемелік эссе жазады. Эссе көлемі – 250-300 сөзден кем болмауы керек. 2. Электрондық емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады.

## Білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтиханға дайындалуға арналған тақырыптар

«8D02301– Филология (қаз)» мамандығы бойынша докторантураға тапсыратын білім алушылардан әдебиеттанудың өзекті мәселелерін білу талап етіледі. Бағдарламада осы мамандықтың магистратура бөлімінде оқытылған пәндер бойынша әдебиеттанудың ғылыми негіздері бойынша басты мәселелер қамтылды.

### Жыраулар поэзиясының тілі

Жыраулар поэзиясындағы лингвистикалық парадигмалар. Жыраулар поэзиясы тілінің акцентологиялық, фонологиялық-дикциялық, образды-эстетикалық, интонологиялық-просодиялық, коммуникативтік-этникалық, информативтік-коммуникативтік, контекстік, поэтикалық, лингвостуктуралық, лингвофилософиялық, лингвокоммуникативтік, лингвокогнитивтік сипаты.

**Пайданылатын әдебиеттер**:

1. Пинкер С. Тіл - инстинкт.- Алматы, 2019;
2. Земская Е.А. Язык как деятельность.- Алматы, 2017.
3. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы, - Алматы, 1993, 2004;
4.Тіл білімінің сөздігі. – Алматы, 2000.

### Қазақ тіліндегі морфологиялық парадигма

Қазақ тіліндегі негізгі морфологиялық парадигмалар, түрлері және олардың құрылымы. Парадигманың тіл білімінде бірнеше мағынада қолданылуы, жіктелуі, морфологиялық парадигманы танудың басты белгілері, қатар құрайтын сөзформалардың мағыналық және тұлғалық жағынан оппозициялық қатынаста болуы, морфологиялық парадигманың ерекшеліктері. Морфологиялық парадигмалардың ерекшеліктерін ажыратып, талдау.

**Пайданылатын әдебиеттер:**

1. Оразбаева Ф., Балтабаева Ж. және т.б. Қазіргі қазақ тілі. -Алматы, 2012.
2.Қазақ грамматикасы, -Астана,2002
3.Оралбай Н. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. Алматы.-2007.
4.Жүнісова М.Ә. Тіл тарихы: етіс категориясы.2016

### Қазақ тіліндегі синтаксистік парадигма

Құрылымдық – семантикалық – коммуникативтік синтаксис үштігі. Қазақ тілі синтаксистік құрылысының құрылымдық-мағыналық және

коммуникативтік парадигмалары. Синтаксистік бірліктер. Синтаксистік парадигма аясындағы зерттеулер, синтаксистік бірліктер субъектілік және объектілік субстанция моделі бойынша жіктелуі, типтері мен қызметі, ерекшеліктері. Сөйлемнің сөз сөйлем, сөйлесім-сөйлем, атаулы сөйлем, авторлық сөйлем түрі, оларға құрылымдық, семантикалық, коммуникативтік талдаулар.

**Пайданылатын әдебиеттер:**

1. Мечковская Н.Б. История языка и история коммуникации: от клинописи до Интернета: курс лекций по общему языкознанию.2017.
2.Нахимова Е.А. Основы теории коммуникации, 2017.
3. Оразбаева Ф., Балтабаева Ж. және т.б. Қазіргі қазақ тілі. -Алматы, 2012.
4.Қазақ грамматикасы, -Астана,2002

## Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм

Әлем әдебиетіндегі постмодернизм бағыты және оның ұлттық әдебиетіміздегі орны, қазақ әдебиеті мен әлемдік әдеби үдерістердің байланысы сараланады. Әдебиеттегі постмодерндік жағдайдың қалыптасуы, постмодернистік ағымдар, жаһандық әдеби үдеріс және қазақ әдебиетіндегі дәстүрлі танымдар мен посмодернистік эстетика, постмодернистік сипаттарды теориялық ұстанымдар. Қазіргі жанр әдеби табиғаты: жаңаша зерделеу. Жанрлар жүйесі. Интертекстуалдық: негізгі концепциялар. Қазіргі әдеби процестегі постмодернистік бағыттың ерекешілігі. Постмоденистік бағыттағы жазушылар мен ақындар.

**Пайданылатын әдебиеттер:**

1. Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар: Ұжымдық монография. – Алматы: ―Print express‖, 2017. – 512 б
2. Темирболат А.Б. Поэтика литературы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.
3. Сатыбалдин, Горбунова Г.З., Харитонова Л.М., Шевлякова Л.Р. Филологический анализ художественного текста. Учебно-методическое пособие. 2019
4. Ісімақова А. Тәуелсіздік кезеңіндегі әдебиеттану. – Алматы: Елтаным, 2015. -284б.
5. Ривкин Д., Райан М. Әдебиет теориясы: антология.1-том

## Лингвомәдениеттаным

Аялық білімдегі мәдениеттанымдық семантика, мәдени құндылықтармен таныстырылатын білімдер жүйесі, мәдени дискурсты танудың жолдары. Тіл мен мәдениет сабақтастығы. Тіл мен мәдениеттің

тоғысынан туындайтын мәдени семантиканың зерттелуі. Мәдени және тілдік код. Лингвомәдениеттанудағы символдың ролі. Лингвомәдениеттану саласы әлемдік тіл білімінде. Лингвомәдени бірліктер.

**Пайданылатын әдебиеттер:**


1 Короткина И.Б. Академическое письмо. Учебно-методическое пособие. – LAP LAMBERT Academic Publishing – 2011 – 175 с.

2.Ярская-Смирнова Е. Создание академического текста, - М., 2013 – 155 с.

3. Телия В.Н. Метафоризация и ее роль в создании языковой картины мира // Роль человеческого фактора в языке. Язык и картина мира. – М.: Наука, 1988.

4.Воробьев В.В. Лингвокультурология: (Теория и методы). М., 1997.

5. Маслова В.А. Лингвокультурология. Москва, 1997.


**Мифолингвистика**

Қоғамдық құбылыстар мен жаратылысты танып-білудің ғылыми-теориялық негіздері. Сөз мағынасы, ғалам бейнесі, қоршаған орта, сөздің мифтік болмысы, тіл онтологиясы. Тіл білімінің мағыналық болмысы мен мифологиялық ұстанымдары, сөз мағыналарының аспектілері, сөздің мифологиялық бірлігі.

**Пайданылатын әдебиеттер:**


1.Н.Уәли Қазақ сөз мәдениетінің негіздері.–А.,2007.

2.Әлметова А. Лингвомәдениеттану негіздері –А.,2016.

3.Әмірбекова А. Қазіргі тіл біліміндегі жаңа бағыттар –А.,2011


**Қазақ әдебиеті: дәуірлеу теориясы**

Қазақ әдебиеті тарихының әдеби даму жолдары мен оны ғылыми дәуірлеудің тарихи және теориялық мәселелері. Дәуірлеудің принциптері. Әдебиет тарихы, қазақ әдебиетінің туу және қалыптасу кезеңдері, әдебиет тарихының дәуірлер мен кезеңдерге бөлінуінің әдеби-тарихи алғышарттары мен ғылыми қағидалары. Қазақ әдебиеті тарихының негізгі бағыттары.

**Пайданылатын әдебиеттер:**


1. .Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы. 1-т. Алматы, 2010.

2.Литературоведение на пороге XXI века. М., 2015.

3. Пірәлиева Г.Ж. ХХ ғасырдағы қазақ әдебиеттануы (1920-2005жж).-Алматы: ҚызМемПУ, 2010.-310б.


**Көркем шығармашылық зертхана**

Жазушылық еңбектің алғышарттары мен әдістері, шығармашылық еңбектің негізгі заңдылықтары, әдеби шығармашылықтың эстетикасы мен психологиялық негізі. Шығармашылық жұмыстың басты кезеңдері, жазушы талантының табиғаты, бастапқы идея, материал жинау, жоспарлау, бейнелеу ұстанымдары мен формалары. Көркем шығарма тақырыбының туу процессі. Тақырыпты өңдеу мен таңдаудағы дүниетанымның рөлі.

**Пайданылатын әдебиеттер:**

1.С.Мақпырұлы. Адамтану өнері. Оқу құралы.-Алматы, Арыс, 2009.-213 б.
2.Ибраева А. Әдеби шығармашылық әлемі - Алматы: Абай ат. ҚазҰПУ Ұлағат, 2007-86 б.

**Көркем әдебиет және менталитет**

Теориялық әдебиеттанудың дәстүрлі және жаңа парадигмалары. Әлеуметтік ортаның ұлттық менталитеті, оның бүгіні мен өткені, этнология, мәдени антропология және әлеуметтік психологиямен байланысы. Қазіргі әдебиеттану дамуының жалпы көріністері, әдебиеттану ғылымындағы ментальдіктің ерекшеліктері, негізгі заңдылықтарының даму жүйесі, қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы ментальдік. Әдебиеттану ғылымындағы ментальдіктің ерекшеліктерін, қазақ әдебиетіндегі ұлттық ментальдіктің генезисі, эволюциясы және трансформациясы, қазіргі қазақ әдебиеттану ғылымындағы ментальдік, дәстүр мәселелеріне қатысты күрделі құбылыстар мен мәліметтерді қарастыру.

**Пайданылатын әдебиеттер:**

1. Аймұхамбет Ж.Ә., Байтанасова Қ.М. XIX ғасырдағы қазақ әдебиеті: оқулық. 2019
2. .Ыбырайым Б. XX ғасырдағы қазақ поэзиясы: бірінші кітап. 2019
3. Пірәлиева Г.Ж. XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы (1920-2005жж).-Алматы: ҚызМемПУ, 2010.-310б.Қазіргі қазақ әдебиеті: даму үрдістері, есімдер мен оқиғалар: Ұжымдық монография. – Алматы: ―Print express‖, 2017. – 512 б
4. С.Мақпырұлы. Адамтану өнері. Оқу құралы.-Алматы, Арыс, 2009.-213 б.
5. Елеукенов Ш. Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде. Алматы, 2006.